

## Марқакөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Марқакөл ауданының мәслихаты 2025 жылғы 5 маусымдағы № 23/11-VIII шешімі

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 347 "Коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №24212 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Марқакөл ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Марқакөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күненен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Марқакөл ауданы мәслихатының төрағасы*

*М. Калелов*

Марқакөл ауданы мәслихатының  
2025 жылғы 5 маусымдағы  
№ 23/11-VIII шешіміне  
қосымша

## Марқакөл ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Үйлер: жайлы	1 тұрғын	2,70
	жайлыемес		2,70
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	2,70
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,48
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,57

5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	3,06
6	Емханалар, медициналық орталықтар	1 келіп кету	0,03
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,25
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,55
9	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратынорын	1,48
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы, интернет-кафелер, компьютерлік клубтар	1 отыратынорын	0,18
11	Мұражайлар, көрмелер	Жалпы алаңы 1 м2	0,18
12	Стадиондар, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,76
13	Спорт, би және ойын залдары	Жалпы алаңы 1 м2	0,97
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, аралас дүкендер	Сауда алаңы 1 м2	1,92
15	Машиналардан сату	саудаорнының 1 м2	5,48
16	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	саудаалаңы 1 м2	0,77
17	Өнеркәсіптік, азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	Жалпы алаңы 1 м2	2,77
18	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	Жалпы алаңы 1 м2	1,14
19	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	Жалпы алаңы 1 м2	0,81
20	Жағажайлар, жолдардан көшесыпырындысы	Жалпы алаңы 1 м2	6,64
21	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,97
22	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	18,69

23	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	16,9
24	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,95
25	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	4,22
26	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	Жалпы алаңы 1 м2	1,09
27	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпыалаңы 1 м2	0,97
28	Кішігірім жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар.)	1 жұмысорны	2,16
29	Моншалар, сауналар	жалпыалаңы 1 м2	0,7
30	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1000 қатысушы	3,48
31	Бау-бақшакооперативтері	1 учаске	2,53